

«Домбыранын сырлы шектері»

(1 шілде - Үлттык домбыра күні)

Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында 1 шілде - Үлттық домбыра күніне орай «Домбыранын сырлы шектері» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Көпке белгілі, қазақтың халық арасында ең көн тараған музыкалық аспабы – домбыра. Осы мереке барысында бүгінгі кешіміздің қадірменді қонақтары: «Қаратау дәстүрлі өнер мектебінің» білікті мамандары, қасиетті домбырамен ұлттық өнерді насихаттап жүрген, өнер майталмандары Сүгір атындағы шөртпе күй сынып ұстазы Айтбаев Сабит ағамыз шәкіртімен келіп отыр, Дәстүрлі әнші, термеші, көптеген ән байқауларының жеңімпазы, Габит Шырынбеков ағамыз және Майра Битемірованың шәкірті, Абдикеримов Бекжан қонақта болып, ән, күй, терме орындап, кешімізді жандандыра түсті. Сонымен қатар домбыраның шығу тарихы туралы аңыз видео ролик баяндалды. Іс-шараға кітапхана оқырманы А. Тайтеева «Домбыра» әнімен, ал кітапхана қызметкері Мадина Ермаханова «Қазағым» атты ән шырқады. Тағыда әдемі әнімен домбыраның күлағында ойнаған, кітапхананың бүлдіршін оқырмандары Нұрсұлтан мен Бакытжан болды. Шара сонында кітапхана директоры Нұрманбетов Бәкір Әбдіұлы келген қонақтармен оқырмандарға алғысын білдіріп, алғыс хатпен марапаттады.



